

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Медицина факультеті
Оқу-әдістемелік комитетінің
№5 мәжілісінің хаттамасы

12.01.2025 ж.

ОӘК-ке қатысқандар: факультет деканы, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нускабаева Г.О., 1-5 курс координаторы, магистр оқытушы Бабажанова У.М., және магистратура, докторантура координаторы, магистр оқытушы Аймаханов М.С., Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, аға оқытушы Тастемирова Б.Т., Академиялық комитет төрағасы, аға оқытушы Ильясова Г.Т., медицина факультетінің кафедра меңгерушілері.

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

2. ББ 2025-2026 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

3. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

4. Әртүрлі мәселелер.

1. Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова сөз алып, 2025-2026 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарының есебін мәлімдеп, ОӘК мүшелеріне талқылауға ұсынды. Яғни, ОПҚ дайындаған 2025-2026 оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының сандық жоспарының орындалуы, ОПҚ өзара сабаққа қатысу, оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының сандық жоспарының орындалуы, ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдардың талаптарға сәйкестігі жөнінде, факультет оқытушыларының біліктілік көтеруі және өткізілген ақылдасу сабақтардың есебі туралы мәлімдеп, оқу жұмыстарын жетілдіру шараларын талқылауға ұсынды.

ШЕШІМ 1.: 2025-2026 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарының есебі бекітуге ұсынылсын және оқу жұмыстарын жетілдіру шаралары назарға алынсын.

2. ББ 2025-2026 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

ББ жақсарту ұсыныстары:

- білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және ҚР білім берудің бірыңғай жүйесіне ендіру.
- факультетке қарасты кафедраларға конкурс негізінде ғылым докторлары мен ғылым кандидаттарын шақыру.
- академиялық ұтқырлық аясында тәжірибе алмасу мақсатында ОПК-ын шетелдік ЖОО-на жіберу.
- шетелдік білікті профессорлардың онлайн режимде телекөпір арқылы дәрістер өткізуді қолға алу.
- практика базаларын кеңейтіп, жаңа мекемелермен келісім-шарттар түзу.
- факультет ОПК дайындайтын оқу-әдістемелік құралдарының сапасын арттыру. Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің грифімен оқулықтар, оқу құралдарын дайындау мен шығару жұмыстарын күшейту.
- ОПК дайындайтын ағылшын тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарын баспадан шығаруды қолға алу.

ШЕШІМ 2.: ББ 2025-2026 оқу жылында еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісінің нәтижелерін ескере отырып, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жопарлау назарға алынсын.

3. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Б.Тастемирова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, аға оқытушы Б.Тастемирова сөз алып, факультеттің 2025-2026 оқу жылындағы білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талқылауға ұсынды.

Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, PhD **К.Ж.Садыкова:** 2025-2026 оқу жылының қысқы сессиясында кафедрада 6B10155 «Жалпы медицина» білім беру бағдарламасының 4 курсына «Жалпы дәрігерлік тәжірибе негіздері», «Медицинадағы манипуляция және симуляциялық курс», 5 курсына «Неврология, психиатрия, наркология», «ҚР-ның ЖДП дағы емдеу және диагностика стандарттары», «Жедел жәрдем», «Дерматовенерология» пәнідерінен және «Жасуша биологиясы» модулінен емтихан тапсырғанын айтты. Бағалау медианасындағы сәйкессіздіктерді болдырмау үшін шаралар жүргізу керектігін, атап айтқанда, емтихан сұрақтарын толықтыру, күрделендіру, БӨЖ тапсырмаларын және тәжірибелік дағдыларын бағалауда талаптар күшейту керектігі, сонымен қатар, академиялық адалдық лигасының бағалау медианасын ескеру қажеттілігін атап өтті.

Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер кафедрасының меңгерушісі, б.к., доцент **Р.К.Куандыкова** сөз алып: 6B10188 Медицина білім беру бағдарламасы бойынша 2,3 курс және 6B10155 Жалпы медицина білім беру бағдарламасы бойынша 5 курстардың қысқы емтихан қорытындысын талданып, бағалау медианасы жасалғандығын атап өтті. Білім беру бағдарламасына сәйкес модуль бірнеше пәннен құралады және интеграцияланған емтихан бағасы әр пәннің үлесінен жинақталатынын айтты. Бағалау медианасында өткен оқу жылымен салыстырғанда сәйкессіздіктер бар екендігін ескерді және оның себебі 2024-2025 оқу жылымен салыстырғанда білімгерлер контингентінде ерекшеліктер бар екені және де бағалау медианасында алдағы уақытта сәйкессіздіктерді болдырмау үшін шаралар жүргізу керектігін айтты. Сонымен қатар, әр модульдің ішінде жүргізілетін пәндердің тақырыптарында интеграциялық байланыстың болуын ескеру керектігін атап өтті.

Фундаментальды ғылымдар кафедрасының меңгерушісі, м.а К.С.Бабаева сөз алып: 6В10188 Медицина білім беру бағдарламасы бойынша 1,2 курстың модульдері бойынша қысқы емтихан қорытындысын кафедрада талданып, бағалау медианасы жасалғандығын атап өтті. Кафедра меңгерушісі бағалау медианасында алдағы уақытта сәйкессіздіктерді болдырмау үшін шаралар жүргізу керектігін, атап айтқанда емтихан сұрақтарына өзгерістер енгізу, емтихан сұрақтарын толықтыру және күрделілендіру, БӨЖ тапсырмаларын және тәжірибелік сабақтар тапсырмаларын жаңартып отыру керектігін, күнделікті сабақтарда қолданылатын тест тапсырмаларын жаңартып және күрделілендіріп отыруды айта кетті.

Хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент М.С.Жунусов сөз алды: «Кафедрада 2025-2026 оқу жылының күзгі семестрінде 1,2,3 курстарда «Медициналық практикаға кіріспе», 4 курстарда «Топографиялық анатомия», «Хирургиялық аурулар» (Хирургиялық аурулар, балалар хирургиясы, травматология, урология, оториноларингология, офтальмология), «Акушерлік іс және гинекология», 5 курстарда «Сот медицинасы және дәрігерлік құқық» пәндері жүргізілді. Осы пәндер бойынша бағалау медианалы жасалынып, талданды. Талдау қорытындысы төмендегіше:

- білімгердің жаңа ортаға қалыптасу факторларының әсері;
- пән оқытушысы өткізген тәжірибелік сабақ сапасының жеткілікті деңгейге сәйкес келмеуі;
- білімгерлерге арналған тест-емтихан сұрақтарының қайта жаңартылып, 20%-ның «қолдануға» арналған сұрақтарға берілгендігіне байланысты, объективті ұпай жинауы;
- екінші ОҚКЕ өткізу барысында орын алатын, жол берілетін адами факторлар байланысты болуы мүмкін.

Ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент Л.Т.Алимбекова сөз алып: 6В10155 «Жалпы медицина» білім беру бағдарламасының 4 курс «Ішкі аурулар», «Балалар аурулары», «Клиникалық фармакология» және 6В10188 «Медицина» білім беру бағдарламасының «Тыныс алу және қан айналым жүйесі (патология)» модулі бойынша сессия нәтижесінде ECTS нұсқаулығы бойынша барлық пәндерде бағалау медианасына сәйкессіздігі анық байқалды. БӨЖ тапсырмасы аралық бақылаудың 40% құрауы және оны антиплагиатқа тексеру мүмкіндігінің болмауы, ОҚКЕ орталығындағы аудиториялар санының тапшылығынан емтихан кезінде қабылданатын тәжірибелік дағдылар санының шектеулі (4 қана) болуы да роль ойнайтынын атап көрсетті.

Кафедра меңгерушілерінің айтқан пікірлерін тыңдай келе факультет деканы, м.ғ.к. Г.Нускабаева сөз алып, қысқы емтихан қорытындысын назарға ала отырып, көктемгі семестрде бағалау көрсеткіштері медиана бағалау ережесімен барынша сәйкестендіріліп, бағалауды ескертті. Білімгерлердің теориялық білімдерін шыңдау мақсатында, өзіндік белсенділікті жоғарлататын заманауи білім беру тәсілдерін кеңінен қолдану және ОҚКЕ қабылдайтын оқытушыларға қойылатын талаптарды қатаңдату керектігін атап өтті.

Факультеттің ОӘК мүшелері 2025-2026 оқу жылының қысқы аралық аттестаттау нәтижелерін талқылау, Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкестігі бойынша талдауды талқылап, бірауыздан шешім қабылдады.

ШЕШІМ 3.: Емтихан қорытындысы бойынша сессия нәтижесін бағалау медианасына сәйкестендіру мақсатында келесі іс шаралар жүргізілсін және жауапкершілік цикл жетекшілеріне жүктелсін:

1. ECTS нұсқаулық бойынша ОПК құрамы бағалау медианасын жұмыс барысында ескерсін.
2. БӨЖ тапсырмаларына өзгеріс ендіріліп, күрделендірілсін.
3. Көктемгі сессияға дейін тест-емтихан сұрақтарының 30% жаңалап қайта қарастыру және 50% -ын қолдануға арналған сұрақтарымен алмастырылсын.
4. Емтиханға түсетін тесттердің 30% 8/3 және 7/2 жауаппен қайта жасап өткізілсін.

5. Білімгерлердің теориялық білімдерін шыңдау мақсатында, өзіндік белсенділікті жоғарлататын заманауи білім беру тәсілдерін кеңінен қолданылсын.
6. Тәжірибелік сабақта инновациялық тәсілдерді кеңінен қолданылсын.
7. Тәжірибелік сабақтарда жүргізілетін пәндердің тақырыптары арасында интеграциялық байланыс ескерілсін.
8. ОБӨЖ тапсырмаларын орындауда симуляциялық орталық тиімді пайдаланылсын.
9. ОҚКЕ-дағы (Объективті құрылымдық клиникалық емтихан) тәжірибелік дағдылар саны көбейтілсін.
10. ОҚКЕ ұйымдастыру және өткізу сапасын жақсарту үшін, ОҚКЕ қабылдау бөлмелері талапқа сәйкестендірілсін.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы



Б.Т.Тастемирова